

## Хаттама №5

«Тасарык» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 30 сәуірі күні жоспарға сәйкес кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-40

Қатысқаны-32

Дәлелді себептермен қатыспағаны-8

### Күн тәртібінде:

1. 9 және 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы 5-8,10 сынып-тардағы емтихан мен дайындық кестелерін бекіту туралы. /Б.Аханова/
2. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, мектепшілік бақылау;  
А) Мұғалімнің, оқушының жеке басын, оның даму мүмкіндіктерін, өз қызметін жобалау қабілетін анықтау. Ә) Мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жас және жеке қабілеттерін ескеру қабілетін анықтау /Б.Аханова/
3. Мектепте «Бітіруші сынып сағаты» салтанатын өткізу туралы. /С. Кәрібай/
4. Оқушылардың жазғы демалысы мен тынығу кезеңін, мектеп жанындағы және сыртқы сауықтыру лагерьлерін ұйымдастыру туралы. /С. Кәрібай/
5. Ағымдағы мәселелер /Ә. Кеулімжай/

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова сөз алып, аттестаттаудағы 5-8,10 және 9,11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихандары мен дайындық кестелерін бекіту туралы баяндады.

2023-2024 оқу жылындағы 9 және 11 - сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы 5-8,10 сыныптардағы емтихан мен кестелері, облыстық білім басқармасының 2023 жылдың 6 қазандағы № 112 бұйрығы мен аудандық білім бөлімінің 6 қазандағы № 152 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп директорының 06 мамырдағы № 40 бұйрығымен бекітілді.

- 1) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамыр – 10 маусым аралығы ;
- 2) 11(12) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2024 жылғы 28 мамыр – 11 маусым аралығы ;
- 3) Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар) үшін аралық аттестаттау (27-31 мамыр) аралығында.

#### **9(10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:**

- 1) Қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;
- 2) Математика ( алгебра ) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 маусым;
- 3) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан ( мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау ) – 2024 жылғы 6 маусым;
- 4) Таңдау пәні ( Биология ) бойынша жазбаша емтихан 2024 жылғы 10 маусым :

#### **11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып :**

- 1) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан - 2024 ж 28 мамыр;
- 2) Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2024 ж 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2024 ж 4 маусым ;
- 4) Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 ж 7 маусым ;
- 5) Таңдау пәні ( биология ) бойынша жазбаша емтихан - 2024 ж 11 маусым

**5-8,10 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып :**

Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан -2024ж 27 мамыр 5,6 сынып ( II ауысым бойынша )

Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан -2024ж 30 мамыр 7,8 сынып ( II ауысым бойынша )

Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан -2024ж 31 мамыр 10 сынып  
Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау мен сыныптардағы емтихандар санитарлық талаптарды сақтай отырып, өткізіледі.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, мектепшілік бақылау; А) Мұғалімнің оқушының жеке басын, оның даму мүмкіндіктерін, өз қызметін жобалау қабілетін анықтау.

Мұғалім мен оқушының даму мүмкіндіктерін өз қызметі бойынша қабілетін анықтау мақсатында, сабақтар мен сыныптан тыс жүргізілген жұмыстар барысында зерделеу жүргізілді. Әрбір сабақта оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында деңгейлік тапсырмалар беріліп, жұмыстар жасалуда. Деңгейі төмен оқушылармен екінші ауысымда орыс тілі пәні бойынша және 3-сынып бойынша негізгі пәндерден дайындық барысы үздіксіз жүргізілуде. Қалған пәндер бойынша олқылықтың орнын толтыру мақсатында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде. Пән мұғалімдеріне және сыныптар бойынша деңгейі төмен 4,8 сыныптар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу керек екендігі ескертілгенін баяндады.

Ә) Мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жас және жеке қабілеттерін ескеру қабілетін анықтау. Сабақ барысында оқушылардың жас және жеке қабілеттерін анықтау мақсатында кестеге сәйкес сабақтарға еніп, бақылау жасалды. Әрбір сынып бойынша қабілеттеріне қарай бағыттап, қабілеттерін арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері және мектеп психологі бірлесіп жұмыстар жасауда. Жыл бойы жүргізілген мектепшілік бақылау барысында жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде қабілеттеріне қарай олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық байқаулардан оқушылар жүлделі орындар иеленгенін айтты.

**Ұсыныс:** 5-8,10 сыныптардағы емтихандар, 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихандары мен дайындық кестелері бекітіліп, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда атқарылатын жұмыстарды талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсе.

Келесі мәселелер бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай мектепте бітіруші сыныптардың «Сынып сағаты» салтанатын өткізу туралы биылғы оқу жылында өзгерістерге байланысты шараның барысы туралы сақталуға тиісті талаптарды айтып, түсіндірді.

Оқушылардың жазғы демалысы мен тынығу кезеңін, мектеп жанындағы және сыртқы сауықтыру лагерьлерін ұйымдастыру туралы баяндады. Жаз мезгілінде балаларда бос уақыт көп. Сондықтан асыр салып, аулаға сыймайтын ойын балалары суға шомылуға әуес. Әсіресе, жазғы демалыс уақытында олардың белсенділігі артады. Қызық қуған балалардың көпшілігі қауіптің қайдан келерін естен шығаратыны да түсінікті. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, танып білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, денінің саулығын арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін қала сыртындағы және мектеп жанындағы сауықтыру ұйымдарының жазғы сауықтыру лагерь жұмыстары ауысым бойынша ашылады. Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Жыл сайын елімізде әр түрлі үлгідегі мыңнан астам лагерьлер жұмыс істеп, 1 миллионнан

астам балалар демалады. Балалардың жазғы кезде демалуы үшін лагерьлердің екі типі болады: мектептегі және қала сыртындағы. Осы орайда мектебіміздің жанынан құрылған «Балдәурен» тынығу лагеріне 1-маусымнан бастап, 30 бала қамтылып, өз жұмысын бастайды. Мектеп жанындағы лагерьде, лагерь директорымен бірге 7 педагог қызметкер жұмыс жүргізетін болады. Жазғы тынығу лагерінде жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазалы қаласындағы «Шағала» тынығу лагеріне 2-ауысымы бойынша, жеті оқушымыз демалатын болады. Балалардың өмір жол қауіпсіздігіне жауапты мамандар бекітіліп, жауапкершілігі таныстырылды. Жазғы демалыс кезінде ата-аналарға балалардың өмір қауіпсіздігі ескертіліп, жадынамалар таратылып берілді. Өкінішке орай, көптеген қала сыртындағы лагерьлердің жолдамасы өте жоғары, халықтың қалтасы көтере бермейтіні анық. Мұндай жағдайда балалар мен ата-аналарын жазғы мектеп лагерьлері күтқарады, онда әдетте 1-5 сынып оқушылары белсенді демалып, денсаулықтарын қалпына келтіреді. Жетім, аз қамтамасыз етілген және көп балалы, толымсыз отбасы балалары мен үздік оқушылар да сол жерде тегін дем алады. Ал, жұмыс істейтін ата-аналар балалар қараусыз қалады деп алаңдамайды, мектеп жанындағы лагерьде тамақсыз ұйымдастырылған екінші ауысымы олардың демалысын қамтамасыз етеді. II ауысымда тамақсыз ұйымдастырылатын лагерьде де 30 бала қамтылады, олар мектеп жанында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып, көркейту көгалдандыру жұмыстарымен айналысады. Мектеп лагері – белсенді демалыс аймағы, насихаттық, дидактикалық, сөздік мектеп әрекетінен өзгеше әртүрлі қоғамдық мәні бар бос уақытты өткізу орны. Лагерьлік ауысым – арнаулы педагогикалық жүйеге негізделген арнаулы ұйым немесе уақытша балалар ұжымы.

**Ұсыныс:** Оқушылардың жазғы демалысы мен тынығу кезеңін, мектеп жанындағы және сыртқы сауықтыру лагерьлерін ұйымдастырылуын қадағалау тәрбие сі жөнінің орынбасары С. Кәрібайдан сұралса.

#### Шығып сөйлеушілер:

1. **География пәнінің мұғалімі Ө. Кәрімова:** Оқушылардың ҰБТ-ға дайындығы тоқтаусыз, жыл бойы жүргізіліп отырды. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруда теңдесі жоқ мүкіндік деп білемін. Әріптестер де бұл орайда барынша еңбектенуді жалғастырады. «Бітіру салтанаты» мерекесі жыл бойы атқарылған істердің қорытындысы іспеттес. Дегенмен биылғы жылғы түлектердің мектеп бітіруі ерекшелік болайын деп тұр. Сынып жетекші ретінде ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр.
2. **Математика пәні мұғалімі-М.Сердалиева:** ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жыл бойы үздіксіз ұйымдастырылып, жүргізілді. Алдағы уақытта нәтижесі де жақсы болады деген ойдамын. Биылғы бітіруші жеті оқушының бесеуі жоғары оқу орнына түсуге талаптанып, мемлекеттік грантты жеңіп алуға дайындалуда. Және алда олар үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттау, яғни бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары да жүргізілуде. Оқушыларға да әріптестеріме де осы оқу жылын табысты аяқтауға тілектеспін.
3. **Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі-Г. Есет:** Қаралған мәселелер маңызды деп білемін жазғы тынығу лагері балаларға көп мүмкіндік береді. Оқушыларымды түгел қатыстыруға тырысып, ата-аналарымен тығыз байланысуға ұмтылып жатырмын. Олардың қауіпсіздігі баршамызды алаңдатады. Сондай-ақ бос уақыттарында ұялы байланыс құралдарына телміре бермей каникул күндерінде қызықты кітаптар оқып, пайдалы әдебиеттер ақтаруды да ұмытпауын өтініп жатырмын.

#### Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1.2023-2024 оқу жылы бойынша 5-8,10 сыныптардағы емтихандардың, 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихандары мен дайындық кестелері бекітіліп, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша

жұмысты ұйымдастыруда атқарылатын жұмыстарды талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.

2. 2023-2024 оқу жылы бойынша бітіруші сыныптың «Сынып сағатын» талапқа сай өткізу, оқушылардың жазғы демалысы мен тынығу кезеңін, мектеп жанындағы және сыртқы сауықтыру лагерьлерін ұйымдастырылуын қадағалау тәрбие сі жөнінің орынбасары С. Кәрібайға жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Хатшы:

Ә. Кеулімжай

А.Жарболова